

14 маусым,
Сейсенбі,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

«Балалар жылы»

ДӘРІГЕРЛЕР АУЫЛҒА КЕЛДІ



«Балалар жылы» аясында атқарылып жатқан жұмыстардың бірі - өткен аптада облыстық балалар ауруханасының дәрігерлері ауданға келіп қабылдау жүргізіп, емдерін тағайындап, кеңестерін берді.

Ойылға арнайы келген невролог Ақжібек Есқали, лор дәрігері Светлана Қауысова мен педиатр Ирина Челиктер сырқаты мазалаған балаларға ем жүргізіп, аналарына кеңес, кейбір балаларға облыстық ауруханаға жолдама берді.

Ал облыстың бас балалар хирургі, жерлесіміз Болат Медетбаев екі балаға тегін ота жасады. Сонымен қатар, қабылдау жүргізіп, бірнеше балаға облыстық ауруханаға жолдама берді. Жерлесіміз бұған дейінде «Туған жерге тағзым» акциясының

аясында да бірнеше рет келіп талай баланың дертіне дауа болар ота жасап, жылдар бойы мазалаған азаптан арылтып, елдің алғысына бөленген азамат.

Тек Ойылдың ғана емес, орблыстың балаларын бақытқа белеп жүрген жуырда пайғамбар жасына толып, зейнеткерлікке шыққалы отырған Болат Базарұлының омырауына аудан өкімі Асқар Қазыбаев «Ойыл ауданына 100 жыл» мерекелік медальмен тағып, арнаулы сыйлығын табыстады. Ойыл аудандық ауруханасының бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев иығына шапан жауып, өріптестерінің мерекелік лебізін жеткізді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ.

АРАЙБЕКТИҢ БАСТАМАСЫ, ҚҰРДАСТАРЫНЫҢ ҚОЛДАУЫ ОЙЫЛДЫҢ ЖІГІТТЕРІ БӘЙГЕ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ



Соңғы жылдары Ойыл ауданында жыл сайын Наурыз мерекесінде және мамыр айындағы мерекелерде ат жарысын ұйымдастыру дәстүрге айналып келеді. Алайда, мамырдағы жарыс - Ойыл өзенінің арнасынан асуы салдарынан кейінге шегерілген еді. Селонның іргесіне дейін тепкен су ұзақ уақыт қайтпады. Ойылдықтардың ауызекі тіліндегі «Сайдың асты» - арнаулы бөйге алаңы да судың астында қалған еді. Өзен қайтқанымен алаңның су жырған жолдарын қалпына келтіруге мамырдағы дамылсыз жаңбыр тағы мүмкіндік бермеді. Сондықтан, ауыл азаматтары Ойыл селосының Ашықбай тоғайы жақ бағыттағы алаңқайды қарап, арнайы алаң дайындады. Содан соң, 12 маусымға ат жарысын ұйымдастыру ұйғарылып, төңірекке сауын айтылды.

Көкжар жәрмеңкесінің 155 жылдығына орай ұйымдастырылған бұл жарыстың бастамасын көтерген

Арайбек Жұмағалиев болса, қолдау білдірген құрдастары Ойыл ауданының аумағында 1979 жылы туған жігіттер. Бөйге десе ішкен асын жерге қоятын қазақ емеспіз бе? Елдегі шарадан ауылдың азаматтары да тыс қалған жоқ. «Ерулан» шаруа қожалығының төрағасы Мұрат Арыстанов бөйгенің жүлде қорына деп бір жылқы берсе, Ерлан Абдуов 100 мың теңге ұсынды. Ауданның намысын талай дүбірлі додаларда қорғап жүрген қаракемерлік көкпаршылар 150 мың теңге беріпті.

Межелі күнге таяу алаңға киіз үй тігіліп, барлық шаралар ойластырылды. Бөйге десе делебесі қозатын көрермендер таңғы сегізден бастап алаңға қарай ағылды. Мерекеге жиналғандарды аудан өкімі Асқар Қазыбаев құттықтаса, ауыл ақсақалы Өтеген Сағатов бата берді.

Алдымен көмбеге құнандар жіберілді. Бөйге алаңының бір айналымы үш шақырым. Тоғыз шақырым-



дық бөйгеге 13 атбегі құнандарын өкеліпті. Демек, құнандар үш айналым. Әрине, «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» дегендей, ауыздығымен алысып, шабандозға бас бермегенімен бабы төмен құнандар алғашқы айналымнан кейін-ақ жарыс жолынан шығып қалды. Қобдалық Қобылан деген шабандоздың мінген Ғалымжан Сулихановтың «Айшахы» оқ бойы озық келсе, Қайсардың тақымындағы ақшатаулық Мұхит Рахатовтың «Хабары» мөреге екінші болып жетті. Басынан алда отырған Бауыржан шабандоз құнанының қарымын есептей алмаса керек. Темір ауданының Алтықарасу ауылынан келген Алтынбек Серғазиннің «Қараталы» үшінші жүлдеге ілікті.

24 шақырымға белгіленген «аламан бөйгеге» 11 ат қосылды. Бес айналым бойы алғашқы болып мөреден өткен көптоғайлық Саян Сағындықовтың «Әденторысы» үшінші болып келсе,

Күмісбек Базаровтың «Бақтырысы» екінші жетті. Атырау облысы Сағыз ауылынан келген Азамат Құраловтың «Тасқыны» бауырын бөйгенің соңына таман жазды. Шабандозы Орынбек те атының күшін есептей білетін «Тасқынның» сырғалғы серігі екен. Соңғы айналымдарда көсіле шапқан «Тасқын» мөреден бөрінен бұрын өтті. Тағы бір айта кетерлігі, Саян мен Күмісбектің шабандоздары - ағайынды Қадырбек пен Жазылбек Құмаровтар. Жеңімпаздарды аудан өкімі мен ұйымдастырушылар арнаулы тігілген жүлделерін талсырып, жеке-жеке марапаттады.

Ат спортынан бөлек, кез-келген тойдың көрігі болған сайыстар қол күрес пен арқан тартуда ауыл жігіттері күш сынасса, Ойылдың көкпаршылары жаппай көкпар ұйымдастырды. Шақырылған қонақтар мен бөйгеге ат қосқан атбегілерге киіз үйде ас берілді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

«КӘСІБІҢЕ БАСЫМДЫ ЦЕМ!»



Жаздың жайма шуақ күндерінде аталып өтетін мерекелер аз емес. Соның бірі - медицина қызметкерлерінің күні. Маусым айының үшінші жексенбісі - елімізде медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі дәстүрлі түрде аталып өтеді. Медицина қызметкерлер күні - бұл барлық ғұмырын алғысқа, лайықты істерге - өзге адамдардың денсаулығы мен өмірлеріне қамқор болуға арнаған жандардың еңбектері еленетін күн.

Биыл да аудандық мәдениет үйіне жиналған медицина қызметкерлері салтанатты шараның куәсі болды. Ақ халатты абзал жандарға арналған кеш дәрігерлерді төл мерекесімен құттықтап, халықтың денсаулығын сақтауда еңбек етіп жүрген Ойыл аудандық ауруханасының бас есепшісі Жанаргүл Есенғарина, Жекенді дәрігерлік амбулаториясының фельдшері Гүлсара Мусина, акушер-гинеколог дәрігер Тұрсынхан Жайықбаева, психолог маман Айгүл Майлыбаева, Саралжын дәрігерлік амбулаториясының зертханашысы Гүлзада Өмірғалиева, окулист кабинетінің мейірбикесі Клара Бейісоваларды алғыс хатымен марапаттады. Сонымен қатар аудандық аурухананың хирург дәрігерлері Бағдат Көптілеу мен Дәулет Салинге 50 мың теңгелік сертификатты табыстады. Медицина

саласындағы қажырлы еңбегі үшін Ойыл аудандық ауруханасының невропатолог дәрігері Айбек Асылбеков пен жалпы тәжірибе дәрігері Эра Базарова «Асыл дәрігер» медалімен марапатталды. Өрі қарай «Шарапат» медициналық қызметкерлер, тәуелсіз сарапшылар және денсаулық сақтау саласындағы ардагерлер Ассоциациясы Ақтөбе облыстық қоғамдық бірлестігінің төрайымының Алғыс хатымен аудандық аурухананың невропатолог дәрігері Әйгерім Хасенова, Саралжын дәрігерлік амбулаториясының мейірбикесі Жұмагүл Теміралина марапатталды. Ал, аудандық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев медицина саласының өртүрлі буынында еңбек ететін бірнеше қызметкерге кәсіподақ ұйымының құрмет грамотасын, өз атының алғыс хаттарын табыстады. Сонымен қатар, бас дәрігер өн-бимен алмасқан марапатты сөтте аудандық орталық аурухананың медицина қызметкері 60 зейнеткерлік жасқа толып отырған Фарид Есқалиеваға естелік сыйлығын табыс етті. Сондай-ақ аудандағы бірқатар мекеме басшыларының атынан да алғыс хаттар берілді.

Салтанатты жиын соңы мерекелік бағдарламаға ұласты.

Аудан өнерпаздары мен аурухана ұжымының жастары мереке мейеріне өз өнерлерін көрсетіп, өн шашуларын тарту етті.

Г.АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.



Газетке жазылу - 2022

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы
2022 жылдың II жарты жылдығына жазылу басталды

| Индекс | Жазылушылар санаты | 6 ай |
|--------|---|---------|
| 65525 | Жеке тұлғаларға | 2834,86 |
| 66525 | Заңды тұлғаларға | 4514,86 |
| 67525 | Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге) | 2354,86 |

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция)
2-19-98 (Қазпочта АҚ)

ЕКІ АУЫЛДЫҢ

БҮЛДІРШІНДЕРІН ҚУАНТТЫ



«Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі» деген Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «2022 жыл - Балалар жылы» деп жариялаған болатын. Осы орайда балалар үшін ауданда, ауылдық округтерде бірқатар жұмыстар жүзеге асырылуда. Өткен аптада Ойыл ауданының екі округінің орталығында балалардың ойын алаңы салтанатты ашылып, ауыл балалары үшін нағыз мереке алаңы болды.

9 маусым күні Қараой ауылдық округінің орталық көшесінде, жергілікті бюджет есебінен балаларға арналған ойын алаңы ашылды. Алдымен халықты бұл қуанышты сәтпен ауыл әкімі Айбек Сұлтанов құттықтап, салтанатты түрде ашты. Ауыл тұрғындарын қуанышқа бөлеген алаңның лентасын ауыл үлкендері Амангелді Темірмұқанов пен Айжан Досбаева қиып, баталарын берді. Бұдан кейін, қуанышқа ортақтасып келген

«Тағылым» әжелер клубының мүшесі З.Бозжиева құттықтап сөз сөйледі. Сондай-ақ ауыл жастары мен мектеп оқушылары өз өнерлерін көрсетіп, концерттік бағдарламаларын көпшілік назарына ұсынды. Мұның бәрі балалар жылының қарсаңында есте қаларлық және ұмытылмас сәттердің біріне айналғаны анық.

Осындай ойын алаңының ашылуы Сарбие ауылдық округінде де балаларға зор қуаныш сыйлаған салтанатпен аталып өтті. Ауыл орталығындағы Молдағұлова көшесі бойынан құны 6 миллион тұратын балалар ойын алаңы ашылу салтанатында ауыл әкімі Даурен Бисебаев ауыл тұрғындарын мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Ауыл үлкендері бата беріп, әжелер шашуларын шашты. Ал жергілікті көсіпкерлер бүлдіршіндерге тегін балмұздақ, түрлі төттілер таратып, соңы ауыл өнерпаздарының концерттік шарасына ұласты.




МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНЫП, АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР БЕКІТІЛДІ

Өткен сәрсенбі күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезекті он үшінші сессиясы өтті. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев, ауылдық округ әкімдері және бірқатар бөлім басшыларының қатысуымен өткен аудандық сессияның кезекті отырысына аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин төрағалық етті. Сессияның күн тәртібінде 14 мәселе қаралды.

Алдымен аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 23 желтоқсандағы №95 «2022-2024 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Болатбек Әділханов хабарлама жасады. Одан кейін 2020 жылғы 12 маусымдағы №405 «Ойыл

ауданындағы денешынықтыру мен спорттың жағдайы және одан әрі дамыту бойынша шаралар туралы» шешімінің орындалуы туралы аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Бақберген Мұхамбетқали хабарлама жасады. Ауданда қысқы спорт түрлері кенжелеп тұрғаны рас. Осы тұста алдағы уақытта жұмыстану керек екені айтылды.

Одан соң, ауылдық округ әкімдері ауыл округтердің бюджетінің атқарылуы жайлы баяндама жасаса, аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин аудандық мәслихаттың кезекті он төртінші сессиясына 14 маусымға дейін үзіліс жариялау туралы хабарлама жасады. Сессия барысында аудан әкімі сөз сөйлеп, жасалған хабарламалар бойынша өз ойын саралады.



Р.С ЖИҢЫН СОҢЫНДА СӘКЕН ЗАЙМОЛДИН БАСТАҒАН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТТАРЫ АУДАН БАСШЫСЫ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВПЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ДЕПУТАТТАР ӨЗДЕРІНЕ БЕКІТІЛГЕН АУДАН САЙЛАУШЫЛАРЫН ТОЛҒАНДЫРАТЫН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША СУРАҚТАР ҚОЙЫП, ОЛАРДЫҢ ШЕШІЛУ ЖОЛДАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ.



АЛИМЕНТ ТӨЛЕМЕУ – ЗАҢҒА ҚАРСЫ КЕЛУ



Отбасының басты қазығы, алтын діңгегі – бала. Баланың толық жанұяда өсуіне берекелі отбасының алар орны ерекше.

Алайда, бүгінгі күні отбасының шырқы бұзылып, некедегілердің ажырасулары азаяр емес.

Сондықтан, ата-аналар мен балалардың арасында туындайтын ең өткір сурақтардың бірі – алимент төлеуі.

Алимент – «Неке және отбасы туралы» кодексіне сай, бір адамның оны алуға құқығы бар басқа адамға ұсынылатын міндетті ақшалай немесе материалдық асырау қаражаты. Бұл – заң жүзінде бекітілген төлем.

«Алимент» деп көп жағдайда тек ажырасқан өкені өз баласына төлеуге міндетті ақысын айтамыз. Алайда, бұл төлем тек өкеге ғана емес, сонымен қатар анаға да жүктелетін міндет.

Бұл төлем ай сайын ата-анасының еңбекақысынан немесе өзге де табысынан заңмен белгіленген мөлшерде төленуі тиіс. Жұмыс істемейтін борышкердің төлеуге міндетті алимент мөлшері белгіленген орта жалақы мөлшерімен есептеледі.

Аудан аумағына бекітілген жеке сот орындаушысының өндірісінде қазіргі таңда алимент өндіруге қатысты 78 атқару құжаты болатын болса, оның ішінде 65 атқару құжаты мерзімді орындалуда. Жеке сот орындаушысымен борышкердің мүлкінен, оның ішінде автокөлікті сату арқылы да атқару құжаттарын

орындау дерегі бар.

Жалпы, алимент төлеуден жалтарған ата-анаға Қазақстан Республикасының өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 669-бабында көзделген өкімшілік жауапкершілік, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 139- 140-баптары бойынша қылмыстық жауапкершілік қаралған.

Сондықтан, ата-аналардың табыстары және мүліктері болып, оны жасырған жағдайда күшпен мәжбүрлеп алу қолданылуы немесе алимент төлеуден қасақана жалтарғаны үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Егер борышкер өзінің санасында баласының болашағы мен денсаулығына деген жауапкершілікті сезінбесе, ол адамнан алимент өндіру кезінде қиындық тудыратыны сөзсіз.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта жұмыссыз қалған борышкерлерге мемлекет тарапынан да үлкен қолдау жасалып, оларды жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмысқа орналастыру мүмкіндігі бар. Алиментін уақытылы төлеуге ниетті тұлғаларға бұл – жақсы мүмкіндік.

Сол себепті, «борышкер» ата-ана заң талаптарын бұзар болса, оған жауапкершілік қаралғанын мойындап, өздерінің құқықтары мен міндеттерін біле жүруі тиіс.

Ойыл ауданының прокуратурасы

EGOV MOBILE

МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТТАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАЙТАРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ



eGov mobile мобильдік қосымшасын пайдаланушылар цифрлық құжаттарға қолжетімділікті сыртқы платформаларда, яғни банктердің қосымшаларында пайдалануға рұқсатты қайтарып алуға болады. eGov mobile қосымшасының жаңартуларында бір шертудің көмегімен цифрлық құжаттарға қолжетімділікті өшіру функциясы пайда болды. Жаңа баптаулар азаматтарға цифрлық құжаттарға қолжетімділікті қайтарып алуға және оларды басқа қосымшаларда, мысалы, банктердің қосымшаларында (бұрын келісім берген) пайдаланбауға және оларды тек eGov mobile қосымшасында пайдалануға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, бұл жаңартулар бюрократияны алып тастау және мемлекеттік қызметтерді 100% смартфонға шығару бойынша ҚР Президентінің Жолдауы аясында жүзеге асты. «Цифрлық құжаттар сервисін қазақстандықтар арасында танымал банк қосымшаларына шығарғаннан кейін, бізге eGov mobile-дан басқа қосымшаларда құжаттарды қайтарып алу және пайдаланудан бас тарту туралы сұрау салулар түсе бастады. Егер пайдаланушы бұрын өзінің цифрлық құжаттарына басқа қосымшаларда рұқсат берсе және кейін ойын өзгертсе, енді ол eGov mobile-дағы «Цифрлық құжаттар» сервисіндегі «баптаулар» бөлімі арқылы қолжетімділікті қайтарып ала алады. Мемлекеттік қызметтер мен сервистерді алу ыңғайлы болу үшін біз өркешан пайланушыларымыздың сауалдары мен пікірлерін ескеруге тырысмамыз»-деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин. Жаңартуларды пайдалану үшін eGov

ОТЗОВАТЬ ДОСТУП К ЦИФРОВЫМ ДОКУМЕНТАМ МОЖНО С ПОМОЩЬЮ МОБИЛЬНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ EGOV MOBILE

Цифровые документы всегда под рукой
 делитесь своими документами или открывайте доступ с помощью QR-кода

Пользователи мобильного приложения eGov mobile смогут отозвать доступ к цифровым документам на внешних платформах, т.е в приложениях банков. В новых обновлениях приложения eGov mobile появилась функция - отключение доступа к цифровым документам с помощью одного клика. Новые настройки позволяют гражданам отозвать доступ к цифровым документам и не использовать их в других приложениях, например, в приложениях банков (в которых ранее он давал согласие), и использовать их только в приложении eGov mobile. Отметим, что данные обновления реализованы в рамках Послания Президента РК по исключению бюрократии, и 100%выводуслугв смартфон.

eGov mobile. Далее: -Открыть «Цифровые документы»; -Выбрать «Настройки цифровых документов»; -В разделе «Доступ к цифровым документам» нажать на «отозвать доступ» из предоставленного списка; -Подтвердить действие; -При успешном отзыве, статус обновится на «доступ отозван». Стоит отметить, что список выйдет в том случае, если пользователь ранее давал согласие на использование своих данных в приложениях банков (HalukHomebanki Kaspi.kz). Помимо этого, чтобы заново возобновить использование, необходимо зайти в мобильные приложения банков, где есть доступ к цифровым документам и подтвердить согласие. На сегодняшний день сервис «Цифровые документы» пользуется большим спросом у граждан, и нет необходимости иметь с собой оригинал документов – все есть в смартфоне. Уже порядка 10 млн. человек используют цифровые документы на постоянной основе. В мобильном приложении eGov mobile сервис содержит 18 документов (удостоверение личности, водительское удостоверение, паспорт вакцинации, ПЦР тест и свидетельство о рождении и др.) Напомним, что сегодня цифровыми документами можно воспользоваться во всех аэропортах страны при внутренних перелетах, при посадке в вагоны на железнодорожных вокзалах АО «КТЖ», в отделениях АО «Отбасы Банк» и ЦОН, оператора сотовой связи Beeline, а также при получении услуг в банках второго уровня и у нотариусов.

СІБІР ЖАРАСЫ

Сібір жарасы - адамдар мен жануарлар үшін ортақ аса қауіпті жұқпалы ауру. Сібір жарасын жұқтыру көзі – ауылшаруашылық малдары. Адамдар сібір жарасын ауру жануарларды күтіп –бағу кезінде, малды сою, өнімдерін, терісі өңдеу кезінде жұқтырады. Аудан бойынша Республикалық Кадастрға 2 стационарлық қолайсыз пункт енгізілген. Қараой ауылдық округі Шобалай нүктесі, Көптоғай ауылдық округі Тоқты боран нүктесі (1967 жылғы мал қорымдары)

Халықтың қауіпті топ контингенттері сібір жарасына қарсы егілуі қажет. Аталған топқа зертхана қызметкерлері, мал сою пункттерінің қызметкерлері, мал өнімін өңдейтін және сататын адамдар жатады. Сонымен қатар, сібір жарасын жұқтырмау мақсатында жеке бастың тазалығы мен ережелерді сақтау қажет.

Сібір жарасының алдын алу үшін:
 1.Етті таза екендігі жөнінде ветеринарлық анықтамасы бар арнаулы базарлардан алу;
 2.Ет пен сүтті қолдан, не жайма базарлардан аудан аулақ болыңыз;
 3.Мал шаруашылығы мамандары, сондай-ақ мал өнімдерін өңдеу, жинаумен айналысатын қызметкерлер сібір жарасына қарсы егілуі;
 4.Мал дәрігерінің рұқсатынсыз малды союға, ауру жануарлардың енген жер қышығр іріңді дақ пайда болып ойық жараға айналады. Науқастың қызуы көтеріліп, денесі құрысады. Ішек түрі кезінде іш ауруы, құсу, деретіне қан араласып іш өту белгілері болады.

Сібір жарасын алдын-алу үшін

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

